

**АЛТАЕВ Б.Ш., АРЫСТАМБАЕВА А.З.**

«Басқару есебі» пәні бойынша семинар сабақтарын  
өткізудің әдістемелік нұсқаулығы

**Алматы, 2014**

**Алтаев Б.Ш., Арыстамбаева А.З.**

«Басқару есебі» пәні бойынша семинар сабақтарын өткізудің әдістемелік нұсқаулығы

Рецензент: э.ғ.к., доцент Нургалиева Г.К.

э.ғ.к., доцент Нуркашева Н.С.

«Басқару есебі» пәні бойынша семинар сабақтарын өткізудің әдістемелік нұсқаулығында аталған пән бойынша оқылатын тақырыптар тізімін көрсете отырып, осы тақырыптарды толық және терең түсінуге бағытталған есептерді шығару әдістемесі және студенттердің өз бетімен қарастыратын есеп тапсырмалары және тесттік бақылау сұрақтары келтірілген.

**МАЗМҰНЫ:**

Апта	Тақырыптар	Беттері
1.	<b>1 практикалық сабақ:</b> «Басқару есебінің тәсілдері, пәні, есеп түрлерін салыстыру, өндірістік және басқару есебі.	
2.	<b>2 практикалық сабақ:</b> Шығындарды басқару үшін оларды жіктеу.	
3.	<b>3 практикалық сабақ:</b> Материалдар мен еңбек төлемдері шығындарының есебі.	
4.	<b>4 практикалық сабақ:</b> Үстеме шығындары анықтау және бөлу.	
5.	<b>5 практикалық сабақ:</b> Өзіндік құнды калькуляциялау, тапсырыстық тәсіл.	
6.	<b>6 практикалық сабақ:</b> Калькуляциялаудың үрдістік тәсілі.	
7.	<b>7 практикалық сабақ:</b> Кешенді өндіріс және қосымша өнім шығыны	
8-9	<b>8-9 практикалық сабақ:</b> Қаржылық бюджетті құру және талдау	
10	<b>10 практикалық сабақ:</b> Нормативтік калькуляция және ауытқуды бағалау тәсілдері.	
11	<b>11 практикалық сабақ:</b> Директ және абзорпши кост тәсілдері.	
12-13	<b>12-13 практикалық сабақ:</b> «Шығындар - өнім көлемі-пайда» талдауы.	
14.	<b>14 практикалық сабақ:</b> Баға құру тәсілдері.	
15.	<b>15 практикалық сабақ:</b> Инвестициялық шешімдерді қабылдау	
	<b>Өзін-өзі бақылау тесттері</b>	
	<b>Әдебиеттер тізімі</b>	

**1 практикалық сабақ:** «Басқару есебінің тәсілдері, пәні, есеп түрлерін салыстыру, өндірістік және басқару есебі.

**Сұрақтар:**

1. Басқару есебі түсінігі, мақсаты мен маңызы,
2. Қаржылық және басқару есебінің өзара айырмашылықтары
3. Басқару есебінің пәні, міндеттері
4. Өндірістік және басқару есебі түсінігі
5. Басқару процесі, оның құрастырушы элементтері

**2 практикалық сабақ:** Шығындарды басқару үшін оларды жіктеу.

**Сұрақтар:**

1. Шығындар түсінігі және мақсаты
2. Шығындарды қорларды бағалау мақсатында жіктеу: қорларға апарылатын және кезең шығындары; тура және жанама шығындар, бастапқы және қосылған шығындар; өнімнің өндірістік өзіндік құны жөніндегі есеп, сатылған өнімнің өзіндік құны жөніндегі есеп
3. Шешім қабылдау мақсатында шығындарды жіктеу: шығындар өзгерісі, тұрақты және айнымалы шығындар, аралас шығындар, релевантты және релевантты емес шығындар, альтернативті шығындар, дифференциалды шығындар
4. Жоспарлау және бақылау мақсатында шығындарды жіктеу: нормативті шығындар, бақыланатын және бақыланбайтын шығындар

**Есептер:**

1. Төменде ұйымның жылдық мәліметтері берілген: (а.б. есебінде)

Аяқталмаған өндіріс, бастапқы қалдық	5200
Негізгі өндіріс жұмысшыларының еңбек ақысы	20400
Кезең басындағы негізгі өндірістік материалдар қоры	4700
Өндірістік үстеме шығындар	30100
Кезең соңындағы негізгі өндірістік материалдар қоры	6000
Әкімшілік және сату шығындары	8800
Аяқталмаған өндіріс, кезең соңы	7000
Сатып алынған негізгі өндіріс материалдары	50000

**Анықтаңыз:**

1. Өндірілген өнімнің өзіндік құнын анықтаңыз.

**Шешуі:**

Өндірілген өнімнің өзіндік құны аяқталмаған өндірістің бастапқы құнына есепті кезеңдегі өндіріс шығындарын қосып аяқталмаған өндірістің соңғы қалдығын шегеру арқылы анықталады. Материалдық шығын мөлшерін анықтау үшін материалдардың бастапқы құнына сатылып алынған материалдар құнын қосып, кезең соңындағы материалдар құнын шегереміз. Осылайша өндіріс шығындарының мөлшері келесі түрде анықталады:

$$\text{ӨҚ} = 5200 + 20400 + (4700 + 50000 - 6000) + 30100 - 7000 = 97400 \text{ а.б.}$$

2. Төменде ұйымның мәліметтері берілген: (а.б. есебінде)

	Кезең басы	Кезең соңы
Негізгі материалдар	17000	15000
Аяқталмаған өндіріс	19000	23000
Дайын өнім	33000	24000
Сатылып алынған материалдар		83000
Негізгі өндіріс жұмысшыларының еңбек ақысы		48000
Жабдықтар мен өндірістік ғимараттың амортизациясы		36000
Сату шығындары		27000
Әкімшілік шығындары		35000
Осы жылдық түсім сомасы		320000

**Анықтаңыз:**

1. Өндірілген өнімнің өзіндік құнын анықтаңыз.
2. Сатылған өнімнің өзіндік құнын анықтаңыз.

Өндірілген өнімнің өзіндік құны аяқталмаған өндірістің бастапқы құнына есепті кезеңдегі өндіріс шығындарын қосып аяқталмаған өндірістің соңғы қалдығын шегеру арқылы анықталады.

Барлық өндіріс шығындарын есептеу мақсатында материалдық шығындар бабы да ескеріледі. Материалдық шығын мөлшерін анықтау үшін материалдардың бастапқы құнына сатылып алынған материалдар құнын қосып, кезең соңындағы материалдар құнын шегереміз. Осылайша өндіріс шығындарының мөлшері келесі түрде анықталады:

$$\text{ӨҚ} = 19000 + 48000 + (17000 + 83000 - 15000) + 36000 - 23000 = 165000 \text{ а.б.}$$

Сатылған өнімнің өзіндік құны дайын өнімдердің бастапқы құнына өндірілген өнімнің өзіндік құнын қосып, дайын өнімдердің соңғы қалдығын шегеру арқылы анықтаймыз.

$$\text{СӨӨҚ} = 33\ 000 + 165\ 000 - 24\ 000 = 174000 \text{ а.б.}$$

**Студенттің өз бетімен шығаруына арналған есептер:**

1. Ұйым 50 000 дана тауар өндіріп шығарады және сатады. Осы көлемдегі айнымалы шығындар 80 000 а.б., тұрақты шығындар 70 000 а.б. Егер өндіріс көлемі 60 000 дана тауар болса, онда осы көлемге тең келетін жалпы шығындар мөлшері неге тең болады?

2. Төменде ұйымның жылдық мәліметтері берілген (а.б. есебінде):

Шығындар баптары	Кезең басы	Кезең соңы
Негізгі өндіріс материалдары	8200	3500
Аяқталмаған өндіріс	13500	17400
Дайын өнім	2800	9000

Жыл бойында келесідей шығындар орын алды (а.б. есебінде):

1. Материалдар сатылып алынды 88 000

2. Негізгі өндіріс жұмысшыларының еңбек ақысы 37600
  3. Жанама еңбек шығындары (өндірістік) 12500
  4. Коммуналдық шығындар және өндіріс ғимаратының амортизациясы 24000
  5. Сауда және әкімшілік қызметкерлерінің еңбек ақысы 29800
- Өндірілген өнімнің өзіндік құнын анықтаңыз.

**3. Төменде ұйым бойыншы мәліметтер берілген:**

	а.б. есебінде
Дайын өнім, бастапқы қалдық	70450
Дайын өнім, соңғы қалдық	62340
Негізгі өндіріс жұмысшыларының еңбек ақысы	140240
Материалдық шығындар	420000
Өндірістік үстеме шығындар	350630
Әкімшілік шығындары	260200
Аяқталмаған өндіріс, бастапқы қалдық	40050
Аяқталмаған өндіріс, соңғы қалдық	60820

Сатылған өнімнің өзіндік құнын анықтаңыз.

- 4. Келесі берілгендер бойынша майлау материалдары бойынша ең жоғары және ең төменгі мәндер әдісіне сәйкес анықталған тұрақты шығындар мөлшерін анықтаңыз.**

Машина\сағаттар	Майлау материалдары, а.б.
280	6700
240	5900
310	7200
450	9600
270	6400
470	9700
530	10200
510	9900

**5. Төменде ұйымның сәуір айының мәліметтері берілген:**

Шығындар баптары	Кезең басы, а.б.	Кезең соңы а.б.
Шикізаттар мен материалдар	15 000	17 000
Аяқталмаған өндіріс	21 000	28 000
Дайын өнім	25 000	14 000

Ай бойында келесідей шығындар орын алды (а.б. есебінде):

1. Материалдар сатылып алынды 200 000
  2. Тікелей еңбек шығындары 95 000
  3. Өндіріс жабдықтарының амортизациясы 47 000
  4. Сату бөлімінің қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу шығындары 50 000
- Өндірілген өнімнің өзіндік құнын анықтаңыз.

6. Компания ағымдағы айда 120 дана өндірді. Келесі айда өндіріс көлемін 15% арттыруды жоспарлап отыр. Ағымдағы айда тұрақты шығындар 4800 а.б., айнымалы шығындар 10800 а.б. құрады. Егер келесі айда жалпы шығындар мөлшерін 17220 а.б. арттыру жоспарланған болса, онда өспелі (дифференциалды) шығындар сомасы қаншаға тең болады?

7. Сатылған өнімнің өзіндік құнын анықтаңыз.

Компания бойынша келесі мәліметтер бар:

Баптар	Кезең басы	Кезең соңы
Шикізаттар мен материалдар	22000	30000
Аяқталмаған өндіріс	40000	48000
Дайын өнім	25000	18000

Қосымша ақпарат:

Сатылып алынған материалдар	300000
Негізгі өндіріс жұмысшыларының еңбек ақысы	120000
Жанама еңбек шығындары (өндірістік)	60000
Салықтар, коммуналдық шығындар, өндірістік жабдықтар амортизациясы	50000
Сауда және әкімшілік қызметкерлер еңбек ақысы	64000

8. Компания 18000 дана өнім өндіреді. Айнымалы шығындар жалпы шығындардың 63 % құрайды, тұрақты шығындар 37000 а.б. тең. Өнім бірлігіне келетін айнымалы шығындарды анықтаңыз.

**3 практикалық сабақ:** Материалдар мен еңбек төлемдері шығындарының есебі.

**Сұрақтар:**

1. Материалдардың кіріске алу есебі: құжат айналысы, бухгалтерлік жазулар

2. Материалдардың өндіріске босатылуы: құжат айналысы, бухгалтерлік жазулар;

3. Өндіріске босатылған материалдарды бағалау: ФИФО, орташа келтірілген құн әдісі, арнайы сәйкестендіру, таза сату құны бойынша бағалау

4. Қорлар есебін жүргізужүйелері: үздіксіз және кезеңдік есеп жүйелерінде қорлар қалдықтары, сатылған өнімнің өзіндік құнын анықтау ерекшеліктері

5. Еңбек ақы түрлері мен нысандары: негізгі және қосымша еңбек ақы, мерзімді және кесімді еңбек ақы нысандары, еңбек ақыны есептеу тәртібі, құжаттрамен рәсімдеу, бухгалтерлік жазулар

6. Жұмысшы күшінің ағымдылығы және еңбек өнімділігі

**Есептер:**

1. Төменде ұйымның қорлары жөнінде келесідей ақпарат бар:

Мерзімі	Саны	Өнім бірлігінің өзіндік құны
1 маусымдағы қалдық	400	20,3
Сатып алынды:		
5 маусымда	1000	19,8
12 маусымда	800	20,5
25 маусымда	300	20,7
30 маусымдағы қалдық	350	

Орташа келтірілген күн әдісі бойынша есептелген өндіріске босатылған материалдар құнын анықтаңыз.

**Шешуі:** Өндіріске босатылған шикізаттардың өзіндік құнын анықтаудың ФИФО және орташа келтірілген күн әдістері бойынша бағаланатыны белгілі.

2. Төмендегі берілгендер бойынша өндіріске босатылған материалдардың өзіндік құнын **ФИФО** әдісі арқылы анықтаңыз.

**Берілгені:**

Сәуір айы		Саны, кг	Бағасы, а.б.
	Кезең басындағы қалдық	40	10
4	Сатылып алынды	140	11
10	Өндіріске босатылды	90	
12	Сатылып алынды	60	12
13	Өндіріске босатылды	100	
16	Сатылып алынды	200	10
21	Өндіріске босатылды	21	
23	Өндіріске босатылды	80	
26	Сатылып алынды	50	12
29	Өндіріске босатылды	60	

3. Егер жыл басында 1 000 жұмысшы болса, жыл бойында 180 жұмысшы жұмысқа қабылданып, 80 жұмысшы болсатылатын болса, онда кадрлар ағымдылығы неге тең болады?

**4 практикалық сабақ:** Үстеме шығындары анықтау және бөлу.

**Сұрақтар:**

1. Үстеме шығындар түсінігі және оларды бөліп тарату қажеттілігі
2. Үстеме шығындарды бөліп-тарату ставкалары
3. Үстеме шығындарды бөліп таратудың тікелей әдісі
4. Үстеме шығындарды бөліп таратудың өзге әдістері: қадамдық, қайта бөліп-тарату,

**Есептер:**



1. Жиһаз фабрикасының 3 өндірістік және 3 қызмет көрсету бөлімшелері бар. Келесі ақпарат есепті айда орын алған:

	Өндірістік цехтар			Қызмет көрсету бөлімшелері		
	№1	№2	№3	A	B	C
Үстеме шығындар	800 000	300 000	500 000	150 000	84 000	210 000
Қызметтерді бөлу:						
A бөлімшесі	50%	15%	25%	-	10%	-
B бөлімшесі	30%	30%	10%	10%	5%	10%
C бөлімшесі	15%	25%	40%	40%	10%	-

Егер компания өндірістік үстеме шығындарды бөліп таратудың тікелей әдісін қолданатын болса, онда №1 өндірістік цехқа бөлінетін қызмет көрсету бөлімшелерінің шығындары қандай болады? Жалпы №1 цех шығындары қанша болады?

2. Ұйым өзіндік құнды калькуляциялаудың қалыпты жүйесін пайдаланады. ӨҮШ (өндірістік үстеме шығындарды) бөліп тарату базасы ретінде өндіріс жабдықтарының машина-сағаттары қолданылады. Бөліп таратудың жоспарлы ставкасы 5а.б./маш-сағ. Есепті кезеңде өнім өндіру үшін 10 000 маш-сағ жұмсалды. ӨҮШ толық бөліп таратылмаған бөлігі 2 500 а.б. құрады. Бухгалтер толық немесе артығымен бөлініп таратылған үстеме шығындарды «Сатылған өнімдердің өзіндік құны» шотына апарарды. Шоттарда келесідей соңғы қалдық бар делік: «Аяқталмаған өндіріс» 20 000 а.б. «Дайын өнім» 30 000 а.б., «Сатылған өнімдердің өзіндік құны» 50 000а.б. Егер бухгалтер осы 3 шот арасында 2500а.б. (толық бөлінбеген ӨҮШ) бөлетін болса (Сатылған өнімнің өзіндік құнына апарудың орнына), онда ұйым операциялық пайда сомасы қалай өзгереді?

3. Төменде ӨҮШ жөнінде ақпарат келтірілген:

	№1 өндірістік цех	№2 өндірістік цех
Нақты ӨҮШ, а.б.	50 000	20 000
Нақты жұмыс істелінген уақыт, машина-сағат	12 500	
Нақты жұмыс істелінген уақыт, еңбек-сағат		10 000

№12-4 тапсырысы үшін №1 цехта 15 маш-сағ, №2 цехта 20 еңбек-сағ жұмсалды. Егер ӨҮШ тапсырыстарға бөліп тарату мақсатында жекелеген цехтық ставкаларды қолданатын болса, онда №12-4 тапсырысына ӨҮШ қандай бөлігі бөлінеді?

**5 практикалық сабақ:** Өзіндік құнды калькуляциялау, тапсырыстық тәсіл.

Сұрақтар:

1. Тапсырыстық тәсілдің жалпы сипаттамасы
2. Қалыпты және нақты калькуляциялау түсінігі
3. Тапсырыстық әдісті қолданып калькуляциялау, есеп шоттарында жазу

**Есептер:**

1. Кәсіпорын ас үй жиһаздарын жасайды. Шығындар есебін қалыпты калькуляциялау жүйесі бойынша жүргізеді. ӨҮШ тапсырыстарға негізгі өндіріс жұмысшыларының еңбек-сағаттары негізінде бөліп таратады. Жыл басында ӨҮШ мөлшері 2 500 000 а.б. құрайды және тапсырыстар үшін 10 000 еңбек сағат жұмыс істелінеді деп жоспарланды.

Кезең басындағы аяқталмаған өндіріс қалдығы келесідей:

Тапсырыс рет саны	Негізгі материалдар, а.б.	Еңбек шығындары, а.б.	Жұмыс алынған жұмыс уақыты, еңбек-сағат
25	125 200	10 300	156
26	160 500	14 200	195

Нақты өндірістік үстеме шығындар 182 000 а.б. тең болды.

Осы есепті кезеңдегі өндіріс шығындары жөніндегі ақпарат:

Тапсырыс рет саны	Негізгі материалдар, а.б.	Еңбек шығындары, а.б.	Жұмыс алынған жұмыс уақыты, еңбек-сағат
25	60 600	5 400	78
26	40 200	4 300	65
27	180 400	16 300	243
28	140 600	11 200	164
29	80 900	6 500	93

Есепті кезеңде 25,26 және 27 тапсырыстар толығымен аяқталды. 25 тапсырыс өнімдері сатып алушыларға тиіп жөнелтілді. Сату бағасы 400 000 а.б. құрады.

Осы есепті кезеңде келесі оқиғалар орын алды:

1. Материалдар өндіріске босатылды
2. Негізгі өндіріс жұмысшыларына еңбек ақы есептелді.
3. Нақты өндірістік үстеме шығындар есепке алынды
4. ӨҮШ-негізгі өндіріске апарылды
5. Тапсырыстарды өндіруді аяқтау
6. 25 тапсырыс өнімдерінің сатылуы

**Анықтаңыз:**

1. Аяқталмаған өндірістің бастапқы қалдығын анықтаңыз
2. Есепті кезеңдегі өнімнің өзіндік құнын анықтаңыз

3. 1-6 операцияларға проводка беріңіз.

**6 практикалық сабақ:** Калькуляциялаудың үрдістік тәсілі.

**Сұрақтар:**

1. Үрдістік калькуляция түсінігі
2. Эквивалентті өндіріс
3. Аяқталмаған өндіріс пен дайын өнімдерді ФИФО әдісі бойынша бағалау, өндірістік есеп
4. Аяқталмаған өндіріс пен дайын өнімдерді орташа келтірілген күн әдісі бойынша бағалау, өндірістік есеп

**Есептер:**

**1.** Компания үрдістік калькуляциялау әдісін қолданады. Ай соңындағы аяқталмаған өндіріс 9000 бірлікті құрады, олар 100% материалдар бойынша, 70% өңдеу шығындары бойынша аяқталған болып табылады. Егер материалдар бойынша эквивалентті бірліктің өзіндік құны материалдар бойынша 3,75а.б және өңдеу шығындары бойынша 1,25а.б. тең болса, онда кезең соңындағы аяқталмаған өндірістің құны қаншаға тең болады?

**2.** Төменде өндірісі 2 процестен (А және Б) тұратын ұйымның «А» өндірістік бөлімшесінің ақпараттары келтірілген:

Көрсеткіштер	Бірлік
Аяқталмаған өндіріс, ай басында, бірлік	0
Ай ішінде үрдіске енгізілген өнімдер саны, бірлік	14000
Өңдеуден өтіп Б процесіне жіберілген өнім саны	9000
Аяқталмаған өндіріс, ай соңында, бірліктер	5000
Материалдар құны, а.б.	147000
Өңдеу шығындары, а.б.	66000

Материалдар үрдістің басында өндіріске енгізіледі, аяқталмаған өндірістің аяқталу дәрежесі 60%.

Шартты (эквивалентті) бірліктер саны қаншаға тең болады?

**3.** Үрдістік калькуляцияны пайдаланатын ұйымдағы өндіріске қатысты келесідей ақпарат бар:

	Физикалық бірліктер саны	Материалдар	Қосылған шығындар
Кезең басындағы қалдық	60	100%	60%
Өндіріске жіберілді	700		
Қоймаға жіберілді	630		

Кезең соңындағы қалдық	130	80%	40%
------------------------	-----	-----	-----

Шығындар:	Материалдар	Қосылған шығындар
Кезең басы, а.б.	600	1100
Кезең соңы, а.б.	680	11200

**Анықтаңыз:**

1. ФИФО әдісі бойынша шартты (эквивалентті) бірліктер саны қаншаға тең болады?
2. Орташа келтірілген құн әдісі бойынша шартты (эквивалентті) бірліктер саны қаншаға тең болады?

**7 практикалық сабақ:** Кешенді өндіріс және қосымша өнім шығыны

**Сұрақтар:**

1. Кешенді өндіріс түсінігі, негізгі анықтамалар
2. Кешенді шығындарды бөліп тарату әдістері: сату құны әдісі, натуралды көрсеткіштер әдісі, таза сату құны әдісі, жиынтық пайданың тұрақты коэффициенті әдісі
3. Жанама өнім, есепке алу әдістері

**Есептер:**

1. Төменде 3 өнімнің өндірісі жөнінде ақпарат келтірілген:

	А	Б	В
Бөлу нүктесіндегі сату көлемі, мың а.б.	140	170	70
Соңғы өңдеуден кейінгі сату көлемі, мың а.б.	170	250	110
Бөлініп таратылған кешенді шығындар, мың а.б.	90	110	50
Соңғы өңдеуге қосылған шығындар, мың а.б.	50	70	20

Келесі нұсқалардың қайсысы ұйым үшін дұрыс шешім болып табылады?

А. А өнімін бөлу нүктесінде сату, Б мен В өнімдерін ары қарай өңдеуге жіберу

Б. А мен Б өнімдерін бөлу нүктесінде сату, В өнімін ары қарай өңдеуге жіберу

В. А, Б мен В өнімдерін ары қарай өңдеуге жіберу

Г. А, Б мен В өнімдерін бөлу нүктесінде сату

2. Компания какао шикізатын екі өнімге бөлінгенге дейін өңдеумен айналысады. Ай бойындағы ақпарат:

Барлығы 10 000 кг өнім өңделіп, олардан 9800 кг соңғы өнім алынды, 200 кг өңдеу барысында жоғалтулар болып табылады.

Өндіріс: какао майы – 3000 кг, какао ұнтағы – 6800 кг

Сату: какао майы – кг-ы 500 а.б, какао ұнтағы – кг-ы 200 а.б.

1000 кг какао шикізатын сатып алу және бөлу нүктесіне дейінгі өңдеу шығындары 950000а.б. құрады. Кезең басында және соңында қалдықтар болмады.

Егер компания нарықтық баға әдісін пайдаланатын болса онда какао ұнтағының 1 кг-ының өзіндік құны қандай болады?

**3.** Ұйым тұрғын үй менкеңсе құрылысында пайдаланылатын фанер тақтайларды жасайды. Жанама өнім ағаш ұнтақтары (опилка) алынады. Фанер тақтайдың 1 кв. метрін сату бағасы 50а.б. тең, ал ағаш ұнтақтарының 1 тоннасы 5000а.б. сатылады. Ай бойында 150 000 кв.метр фанер тақтай дайындалды және сатылды. Жанама алынған 10 тонна ағаш ұнтағының 5 тоннасы сатылып кетті. Осы айдағы жалпы өндіріс шығындары 1 500 000а.б. құрады. Егер ұйым жанама өнімдерді өндіріс барысында есепке алу әдісін қолданатын болса, онда осы есепті айдағы сатудан алынатын табыс сомасы және оған сәйкес өндіріс шығындарының мөлшері қандай болады?

**8-9 практикалық сабақ:** Қаржылық бюджетті құру және талдау

**Сұрақтар:**

1. Смета және сметалық кезең, смета құрастырудың артықшылықтары
2. Смета құрастыру кезеңдері, бастапқы смета, талдау және мақұлдау
3. Смета түрлері: сату сметасы, өндіріс сметасы, жұмсалған негізгі материалдар сметасы, негізгі материалдарды сатып алу сметасы, негізгі өндіріс жұмысшыларының еңбек шығындарының сметасы, өндірістік үстеме шығындардың сметасы, өндірістік өзіндік құн сметасы, қорлар сметасы, өнімдерді сату мен әкімшілік шығындарының сметасы
4. Сметалық есептіліктер: қаржылық жағдай жөнінде, жиынтық табыс жөнінде және ақша қаражаттарының қозғалысы жөнінде

**Есептер:**

**10 -11 апта. Өзіндік құнды нормативтік калькуляциялау**

**Сұрақтар:**

1. Нормативті шығындар бойынша калькуляциялау түсінігі
2. Ауытқуларды басқару: статикалық және икемді смета
3. Материалдар бағасы және саны бойынша ауытқуды анықтау
4. Еңбек ақы ставкасы және еңбек шығындарының саны (еңбек өнімділігі) бойынша ауытқуды анықтау
5. Айнымалы өндірістік үстеме шығындар бойынша ауытқуды анықтау
6. Тұрақты өндірістік үстеме шығындар бойынша ауытқуды анықтау

**Есептер:**

1. Компания ойын құрылғыларын жасап, біреуін 300а.б. сатады. Компания қызметі жөнінде өткен ай бойынша келесідей ақпарат бар:

	Бюджет	Нақты
--	--------	-------

Сату көлемі, бірлік	6000	6500
Айнымалы шығындар, а.б.	540 000	600 000
Тұрақты шығындары, а.б.	200 000	220 000

Компанияның статикалық бюджеттен ауытқуын қалай сипаттауға болады?

**Шешуі:** Жалпы ауытқу сомасын операциялық пайданың ауытқуы деп анықтаймыз.

Бюджеттік операциялық пайда =  $6000 \cdot 300 - 540000 - 200000 = 1060000$  а.б.

Нақты операциялық пайда =  $6500 \cdot 300 - 600000 - 220000 = 1130000$  а.б.

Жалпы ауытқу сомасы нақты операциялық пайда сомасынан бюджеттік операциялық пайда сомасын шегергенге тең болады, яғни:

Жалпы ауытқу =  $1130000 - 1060000 = 70000$  а.б.

2. Өндірістік бөлімшенің жалпы тұрақты және айнымалы шығындары 24500 а.б. тең болды. Шығындарды талдау нәтижесінде тұрақты шығындардың 7500 а.б. құрайтындығы анықталды. Айнымалы шығындар шығарылған өнім санына қатысты өзгереді. Барлығы 250000 бірлік өнім өндірілді. Бөлімшенің өндіріс көлемі 260000 бірлік болғандағы икемді бюджет бойынша шығындары қаншаға тең болады?

**Шешуі:** алдымен 1 өнім бірлігіне келетін айнымалы шығындар мөлшерін анықтаймыз. Ол үшін жалпы айнымалы шығындар мөлшерін барлық өндірілген өнім көлеміне бөлеміз. Мысал бойынша барлық шығындардан тұрақты шығындарды шегеріп, жалпы айнымалы шығындарды анықтаймыз:  $24500 - 7500 = 17000$  а.б. Енді осы соманы барлық өндірілген өнім санына бөліп, 1 өнім бірлігіне келетін айнымалы шығындар мөлшерін анықтаймыз:

$17000 / 250000 = 0,068$  а.б./бірлігіне

Енді сәйкесінше жаңа өнім көлеміне көбейтіп, жалпы тұрақты шығындарды қосып есептеп, бөлімшенің шығындарының жаңа мөлшерін табамыз:

$260000 \cdot 0,068 + 7500 = 25180$  а.б.

3. Компания бір тауар түрін өндіріп сатады. Тауардың бірліген жұмсалатын шығындар жөнінде келесідей ақпарат бар:

	Саны	Баға/Ставка	Барлығы, норма бойынша
Негізгі өндіріс материалдары	6 кг	80 а.б./сағатына	48
Негізгі өндірістік еңбек	3 еңбек-сағат	12,0 а.б./еңбек-сағатына	36
Айнымалы ӨҮШ	3 еңбек-сағат	3,0 а.б./еңбек-сағатына	9
Тұрақты ӨҮШ	3 еңбек-сағат	9,0 а.б./еңбек-сағатына	27
Барлығы			120

Айнымалы және тұрақты ӨҮШ өнімдерге негізгі өндіріс жұмысшыларының еңбек ақысы негізінде бөлініп таратылады. Тұрақты

өндірістік үстеме шығындарды бөліп таратудың базалық мәні 60000 еңбек-сағат. Жыл бойында 19000 бірлік өнім дайындалды және нақты шығындар мөлшері келесідей болды:

Өндіріс материалдары сатылып алынды және жұмсалды, кг	110 000
Материалдың нақты бағасы, а.б./кг	8,20
Нақты уақыт, еңбек-сағат	54 000
Нақты еңбек ставкасы, а.б./еңбек-сағат	12,50
Нақты тұрақты ӨҮШ, а.б.	550 000
Нақты айнымалы ӨҮШ, а.б.	170 000

**Анықтаңыз:**

1. Материалдар бойынша ауытқуларды есептеңіз
2. Еңбек ақы бойынша ауытқуларды анықтаңыз
3. Өндірістік үстеме шығындар бойынша ауытқуларды анықтаңыз.
4. Егер өндіріс көлемі 22 000 бірлік өнімге тең болса, онда негізгі өндірістік материалдардың, еңбек шығындарының, өндірістік үстеме шығындардың сметалық мөлшері қандай болады деп ойлайсыз?

**Шешуі:**

1. Материалдар бағасы бойынша ауытқу	$110\,000 * (8,2-8,0) = 22\,000$ қолайсыз
2. Материалдар саны бойынша	$(110\,000 - 19000 * 6) * 8 = 32000$ қолайлы
3. Еңбек ақы ставкасы бойынша	$(12,5-12,0) * 54000 = 27000$ қолайсыз
4. Еңбек өнімділігі бойынша ауытқу	$(54000 - 19000 * 3) * 12 = 36000$ қолайлы
5. Айнымалы ӨҮШ шығындар бойынша ауытқуы	$170000 - 54000 * 3 = 8000$ қолайсыз
6. Айнымалы ӨҮШ тиімділігі бойынша ауытқуы	$(54000 - 19000 * 3) * 3 = 9000$ қолайлы
7. Тұрақты ӨҮШ шығындар бойынша ауытқуы (сметадан)	$550000 - 60000 * 9 = 10000$ қолайсыз
8. Тұрақты ӨҮШ үшін өндіріс көлемінен ауытқуы	$(540000 - 19000 * 3) * 9 = 27000$ қолайсыз
9. Өндіріс көлемі 22000 болғандағы негізгі материалдардың сметалық шығындары	$22000 * 6 * 8 = 1056000$
10. Өндіріс көлемі 22000 болғандағы негізгі еңбек шығындарының сметалық шығындары	$22000 * 12,0 * 3 = 792000$
11. Өндіріс көлемі 22000 болғандағы айнымалы ӨҮШ сметалық мөлшері	$22000 * 3 * 3 = 198000$
12. Өндіріс көлемі 22000 болғандағы тұрақты ӨҮШ сметалық мөлшері	$60000 * 9 = 540000$

### Өз бетімен қарастыруға арналған есептер:

1. Компания өзіндік құнды калькуляциялаудың нормативтік әдісін пайдаланады. Есепті айда 55000кг шикізат 220000а.б. сатылып алынып 50000 кг өндіріске босатылды. Егер осы есепті айдағы материалдар бағасының ауытқуы – 11000а.б. – қолайсыз ауытқу болса, онда материалдардың 1 кг нормативті бағасы қандай болады?

2. Компания бойынша келесідей мәліметтер бар:

	Бюджет	Нақты
Өнім көлемі, бірлік	10000	12000
Негізгі материалдарды пайдалану, кг	10	10,5
Бағасы, 1 кг материалдың, а.б.	22	20

Материалдарды пайдалану бойынша ауытқуды анықтаңыз.

3. Өндіріс компаниясының келесідей мәліметтері бар:

Нақты өндіріс көлемі, бірлік	100 000
Өнім бірлігіне нормативті уақыт шығындары, сағат	0,5
Еңбек ақының нормативтік қойылымы, а.б./еңбек-сағатына	10,0
Нақты еңбек-сағаттары	48000
Нақты еңбек ақы қойылымы, а.б./сағатына	10,3

Негізгі өндіріс жұмысшыларының еңбек ақы қойылымы бойынша ауытқуын анықтаңыз.

4. Керамикалық бұйымдар жасайтын ұйым айнымалы шығындар бойынша калькуляциялау жүйесін пайдаланады (директ-костинг). 2014 жылдың сметасында келесідей мәліметтер бар:

Сату көлемі – 40 000 өнім, бірлігінің сату бағасы 25,00а.б.;

Өнім бірлігіне келетін шығындар:

- негізгі материалдар – 1,6кг, бір кг бағасы 9,00а.б.;

- негізгі еңбек – 0,5 сағат, 1 сағатына тарифтік қойылымы 8,50а.б.

- айнымалы үстеме шығындарды бөліп тарату коэффициенті (негізгі еңбек сағаттары негізінде есептелген) – 3,75а.б.

- кезеңдегі тұрақты шығындар – 75000а.б.

Компания ұйым қызметін талдау мақсатында икемді бюджет жүйесін қолданады.

2013 жылы 36000бірлік өнім өндірілді және өнім бірлігінің бағасы 26,50а.б. сатылды.



Жыл бойында 64 800 кг материалдар 667440 а.б. сатылып алынды және пайдаланылды.

Өнім бірлігіне жұмсалатын еңбек шығындары әр бірлікке 0,6 сағаттан негізгі өндіріс жұмысшыларына 152000а.б. еңбек ақы төленді, қаржылық есептілік мәліметтері бойынша еңбек ақы бойынша қарыз сомасы 20800а.б. тең болды.

2013 жылы тұрақты үстеме шығындар мөлшері 83000а.б. болды және толығымен төленген, оның ішінде 6000а.б. аванс түрінде төленген сақтандыру төлемдері болатын.

Нақты айнымалы үстеме шығындар 64800а.б. тең болды.

**Анықтаңыз:**

1. Сметалық пайда және зиян жөніндегі есептілікті құрастырыңыз.
2. Материалдар, еңбек ақы, өндірістік үстеме шығындар бойынша ауытқуларды анықтаңыз.

5. Компания бір өнім түрін өндіреді. Смета бойынша 8-ші жылға 2500 дана өнім өндіру жоспарланды. Нақты өндіріс көлемі 2700 дана өнім көлемін құрады. Оларды дайындауға негізгі өндіріс жұмысшыларының 1215 еңбек-сағаты жұмсалынды. Өндірістік үстеме шығындардың (айнымалы және тұрақты) жалпы сомасы смета бойынша 8-ші жылға 61250 а.б. тең болды. Бөліп тарату базасы ретінде негізгі өндіріс жұмысшыларының еңбек-сағаттары алынады. 8-ші жылы нақты айнымалы өндірістік үстеме шығындар 13 365 а.б. тең болды. Норма бойынша өнім бірлігін өндіруге 05 еңбек сағаты жұмсалады. ӨҮШ бөліп таратудың сметалық ставкасы 9а.б./еңбек-сағатқа. Тұрақты ӨҮШ шығындар бойынша (икемді сметадан) қолайлы ауытқу 1250а.б. тең болды.

Анықтаңыз:

8-ші жыл үшін есептеңіз:

1. Нақты өндіріс көлемі (2700 өнім) үшін сметалық айнымалы ӨҮШ ауытқуын анықтаңыз
2. Айнымалы ӨҮШ жұмсалынған шығындар бойынша ауытқуын анықтаңыз
3. Айнымалы ӨҮШ тиімділігі бойынша ауытқуын анықтаңыз
4. Айнымалы ӨҮШ бөліп таратудың нақты ставкасын анықтаңыз
5. Сметалық және нақты тұрақты ӨҮШ анықтаңыз
6. Тұрақты ӨҮШ өндіріс көлемі бойынша ауытқуды анықтаңыз.
7. ӨҮШ бойынша жалпы ауытқуды анықтаңыз

**12-13 апта. Өнімнің өзіндік құнын толық шығындар және айнымалы шығындар бойынша калькуляциялау**

**Сұрақтар:**

1. Толық шығындар бойынша өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау жүйесіне сипаттама
2. Айнымалы шығындар бойынша өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау жүйесіне сипаттама

3. Жиынтық табыс жөніндегі есептілікті құрастырудағы айырмашылықтар, маржиналды табыс түсінігі.

4. Өндіріс пен сату көлемінің арақатынасының пайдаға әсері

### Есептер:

1. Компания бір тауар өндіреді және оның бірлігін 200 а.б. сатады. Жыл басында тауарлар қалдығы жоқ. 10000 дана тауар өндіріп 9200 данасын сметалық жыл ішінде сату жоспарланып отыр. Шығындар бойынша сметалық ақпарат келесідей:

Өндірістік шығындар	а.б. есебінде
Өнім бірлігіне келетін айнымалы өндіріс шығындары	150
Тұрақты өндірістік шығындар, барлығы	200 000
Әкімшілік және сату шығындары:	
Өнім бірлігіне келетін айнымалы шығындар	5
Тұрақты шығындар, барлығы	120 000

Анықтаңыз:

1. Жиынтық табыс жөніндегі есептілікті айнымалы шығындар бойынша калькуляциялау жүйесіне сәйкес құрастырыңыз
2. Жиынтық табыс жөніндегі есептілікті толық шығындар бойынша калькуляциялау жүйесіне сәйкес құрастырыңыз
3. Пайда сомасының салыстырмалы сипаттамасын беріңіз, айырмасын түсіндіріңіз

### Шешуі:

1. Жиынтық табыс жөніндегі есептілікті айнымалы шығындар бойынша калькуляциялау жүйесіне сәйкес құрастырамыз:

Сату көлемі, а.б. (9200дана*200а.б.)	1 840 000
Сатылған өнімнің өзіндік құны (айнымалы өндірістік шығындары 9200*150)	1 380 000
Айнымалы әкімшілік және сату шығындары (9200*5)	46 000
Маржиналды табыс (1840000-1380000-46000)	414 000
Тұрақты өндірістік шығындар	200 000
Тұрақты әкімшілік және сату шығындары	120 000
Пайда (414000-200000-120000)	94 000

2. Жиынтық табыс жөніндегі есептілікті толық шығындар бойынша калькуляциялау жүйесіне сәйкес құрастырамыз

Сату көлемі, а.б. (9200 дана * 200 а.б.)	1 840 000
Сатылған өнімнің өзіндік құны (9200 * 150 + 200000 / 10000 * 9200)	1 564 000
Жиынтық табыс (1840000 - 1564000)	276 000
Әкімшілік және сату шығындары (120 000 + 9200 * 5)	166 000
Пайда (276000 - 166000)	110 000

3. Екі жүйе бойынша анықталған пайда сомаларының арасындағы айырма сомасы  $110\ 000 - 94\ 000 = 16\ 000$  а.б. Бұл айырма қоймада қалған қорлар құнының құрамындағы тұрақты шығындар мөлшерін көрсетеді. Қоймада қалған өнімдер санын анықтаймыз, ол үшін өндірілген өнім санынан сатылған өнім санын шегереміз:  $10\ 000 - 9\ 200 = 800$  дана өнім

Осы қалдық өнім құнында әрқайсысында 20 а.б./дана (200 000 а.б./10 000 дана) тұрақты өндірістік шығындар бар:  $800 * 20$  а.б./дана = 16 000 а.б.

### Өз бетімен қарастыруға арналған есептер:

1. Компания спорттық велосипедтер шығарады. Ұйымқызметі жөнінде келесідей ақпарат бар:

Жоспралы өнім көлемі, бірлік – 20 000

Нақты өнім көлемі, бірлік – 18 000

Сатылған өнім көлемі, бірлік – 15 000

Дайын өнім, бастапқы қалдық – 0

Сату бағасы, а.б. – 255

Өнім бірлігінің айнымалы өндірістік шығындары, а.б.:

- негізгі материалдар – 50

- еңбек ақы – 25

- айнымалы үстеме өндірістік шығындар – 30

- айнымалы сату шығындары – 17

Тұрақты сату шығындары, а.б. – 155 500

Тұрақты өндірістік үстеме шығындар, а.б. – 450 000

Анықтаңыз:

1. Директ-костинг жүйесін пайдалана отырып Пайда және зиян жөніндегі есептілікті құрастырыңыз.

2. Абзорпшен-костинг жүйесін пайдалана отырып Пайда және зиян жөніндегі есептілікті құрастырыңыз.

3. Екі жүйедегі пайда сомасындағы айырмашылықты түсіндіріңіз.

2. Компания X және Y өнімдерін өндіреді.

	X	Y
Сату көлемі	15 800 бірлік	26 300 бірлік
Сату бағасы	3 а.б.	4 а.б.

Өндірістік ақпарат:		
Дайын өнім, бастапқы қалдық	0	0
Шығарылған өнім көлемі	17 000 бірлік	28 000 бірлік
Айнымалы өндірістік шығындар	18 700 а.б.	50 400 а.б.
Өнім бірлігіне жұмсалынды	0,1 маш-сағ	0,2 маш-сағ

Қосымша ақпарат: Жылдық нақты өндірістік үстеме шығындар 38 000 а.б. Жылдық сату және әкімшілік шығындар 30 000 а.б. құрады.

Анықтаңыз: 1. Директ-костинг жүйесін пайдалана отырып Пайда және зиян жөніндегі есептілікті құрастырыңыз.

2. Абзорпшен-костинг жүйесін пайдалана отырып Пайда және зиян жөніндегі есептілікті құрастырыңыз, тұрақты өндірістік үстеме шығындар өнім бірлігіне 5 а.б./маш-сағатына ставкасына сәйкес бөлінеді деп алыңыз, қалыпты өндіріс деңгейі жылына 7000 маш-сағ. Толық бөлініп таратылмаған немесе артығымен бөлініп таратылған өндірістік үстеме шығындар сомасы Сатылған өнімнің өзіндік құны шотына апарылады.

3. Екі жүйедегі пайда сомасындағы айырмашылықты түсіндіріңіз.

#### 14 апта. «Шығын-көлем-пайда» (CVP) талдауы

1. Компанияның өндірістік қуаты жылына 20000 бірлікті құрайды. Есепті жылы 15000 бірлік өндіріліп шығарылды және бірлігі 50 а.б. сатылды. Өнім бірлігіне келетін айнымалы шығындар 18 а.б. тең. Сонымен қатар, компания сатушыларға сатылған өнімдер үшін сату көлемінен 4% мөлшерінде комиссиялық төлем төлеп отырды. Жылдық тұрақты шығындар келесі мөлшерде болды: өндірістік шығындар 180000 а.б., әкімшілік 90000 а.б., маркетингтік шығындар 60000 а.б. Жыл басында және соңында аяқталмаған өндіріс пен дайын өнімнің қалдығы болған жоқ.

Анықтаңыз:

1. Маржиналдық тәсілді пайдалана отырып есептілік құрастырыңыз
2. Ақшалай өлшемдегі залалсыздық нүктесін анықтаңыз
3. Өнім бірлігі есебіндегі қауіпсіздік маржасын анықтаңыз және алынған мәнге қатысты түсініктеме беріңіз
4. Операциялық тұтқа мәнін анықтаңыз
5. Компания бастапқы көлемге қатысты тағы да 3000 бірлік өнім өндіру жөнінде ұсыныс алса, онда алдыңғы операциялық тұтқа мәніне сүйене отырып компания пайдасының қалай өзгеретінін түсіндіріңіз

2. Компания жылына бірлігінің бағасы 90а.б. болатын 12000 өнім шығарады. Бір өнімді өндіру мен сатуға байланысты айнымалы шығындар келесідей:

- негізгі еңбек – 10 а.б.
- негізгі өндіріс материалдары – 30 а.б.
- сату шығындары – 5 а.б.

Тұрақты әкімшілік және сату шығындарыны жылына 100 000а.б. құрады. Тұрақты өндірістік үстеме шығындар – 300 000а.б. Тұрақты өндірістік үстеме шығындардың 80 пайызы тұрақты, қалған бөлігі айнымалы болып табылады. Тұрақты өндірістік үстеме шығындар 8000 бірлік – 15 000 бірлік релевантты аймағында өзгеріссіз болады. 15000 бірлік-20 000бірлік көлемінде өнім өндіру қосымша тұрақты ӨҮШ 100 000а.б. қосымша қажет етеді.

Анықтаңыз:

1. Өнім бірлігіне келетін маржиналды табысты және жалпы операциялық пайданы анықтаңыз
2. Залалсыздық нүктесін натуралды және ақшалай өлшемде анықтаңыз
3. Ақшалай өлшемдегі қауіпсіздік маржасын есептеңіз
4. Егер компания 250 000а.б. көлемінде пайда алуды көздейтін болса оған қажетті өндірілуге және сатылуға тиісті өнімдер санын анықтаңыз.
5. Егер компания 18000 бірлік өндіріп сатса онда залалсыздық нүктесі қалай өзгеретінін түсіндіріңіз.

## 15 апта. Ұзақ мерзімді инвестициялық шешімдерді қабылдау

1. Жобаға салынған бастапқы инвестиция 7500а.б. құрайды. Жобаны жүзеге асыру келесідей таза ақша ағымын қалыптастырады деп күтілуде:

Жыл	Ақша қаражаттары, а.б.
1	2000
2	2000
3	2500
4	4000
5	2500

Жобаға салынған инвестицияның өтелу мерзімін **анықтаңыз.**

**Шешуі:** келіп түсетін ақша ағымына сәйкес салынған инвестицияның өтелу мерзімін келесі түрде анықтауға болады:

$$3 + 1000/4000 = 3,25 \text{ жыл}$$

Яғни, алғашқы 3 жыл біз салған ақшаның тек 6500 а.б. мөлшерін ғана қайтарады (2000+2000+2500). Ал 4-ші жылы келіп түсетін 4000а.б. тек 1000 а.б. (7500 - 6500) біз салған инвестицияның толық өтелуіне мүмкіндік береді, ол үшін жылдың 3 ай мерзімі қажет. Немесе жобаға салынған инвестицияның қашан өтелетіндігін анықтау үшін келесі кестені құрастырсақ болады:

Жыл	Ақша ағымы, а.б.	Жинақталған ақша ағымы, а.б.
0	-7500	-7500
1	2000	-5500

2	2000	-3500
3	2500	-1000
4	4000	+3000
5	2500	

2. Компания жаңа тауар түрін өндіруді жоспарлайды. Ол үшін қажетті бастапқы инвестиция мөлшері 50 000а.б. Жаңа өнімді сатудан алынатын пайданың жоспарлы мөлшері келесідей: 1жыл – 8 000а.б., 2 жыл – 10 000а.б., 3 жыл – 15 000а.б. Инвестицияның орташа мөлшерін есепке алғандағы инвестицияның өтелуінің есептік коэффициентін **анықтаңыз.**

**Шешуі:** Алдымен орташа пайданы анықтап аламыз. Орташа пайда =  $(8000+10000+15000) / 3 = 11000\text{а.б.}$

Инвестицияның орташа мөлшерін анықтаймыз:  $50000/2\text{жыл} = 25000\text{а.б.}$

Инвестицияның өтелуінің есептік коэффициенті =  $11000/25000\text{а.б.} = 0,44 = 44\%$

#### **Өз бетімен шешуге арналған есептер:**

1. Компания дайын өнімді қораптау мақсатында жаңа жабдықты сатып алуды жоспарлап отыр, жабдықтың құны 200 000а.б., тасымалдап жеткізу шығындары 20 000а.б., орнату және монтаждау шығындары 15 000а.б., орнатылған жабдықты бақылау сынағы үшін 5 125а.б. қажет. Бұл жабдық компанияның жылдық операциялық шығыстарын 42 000а.б. үнемдеуге мүмкіндік береді. Жабдықтың тиімді пайдалану мерзімі 10 жыл, жойылу құны 0-ге тең. Капитал құны 10%. Жобаға салынған инвестицияның өтелу мерзімін анықтаңыз.

2. «F» жобасына сәйкес инвестицияның өтелу мерзімі 2,5 жыл деп, және келесі 3 жыл бойындағы ақша қаражаттарының ағымы келесі түрде: 1 жыл – 50 000а.б., 2 жыл – 30 000а.б., 3 жыл – 25 000а.б. болады деп есептейтін болсақ, онда бастапқы инвестицияның құны қаншаға тең болады?

3. Бастапқы инвестиция 10 000а.б., таза ақшы ағымы: 1 жылы 2500а.б., 2 жылы 3000а.б., 3 жылы 3500а.б., 4 жылы 3500а.б., 5 жылы 3000а.б. болса, жобаға салынған инвестицияның өтелу мерзімі анықтаңыз.

4. Компания жаңа өндірістік жабдық сатып алуды жоспарлап отыр, тиімді пайдалану мерзімі 5 жыл, жойылу құны 0-ге тең. Бастапқы инвестиция 200 000а.б. Таза ақша ағымы: 1-3 жылдары – 70000а.б., 4-5 жылдары – 60000а.б. Орташа жылдық пайда 18000а.б. Жобаға салынған инвестицияның өтелу мерзімін анықтаңыз.

5. Компания электр пешін 24 000а.б. алуды жоспарлап отыр. Пештің тиімді пайдалану мерзімі 4 жыл, амортизация тікелей сызықтық тәсілмен есептеледі. Пайдалану мерзімінің соңындағы сату құны 0-ге тең. Менеджердің есептеуінше пешті сатып алу келесідей мөлшердегі ақша қаражаттарын үнемдеуге мүмкіндік береді:

Жыл	Үнем сомасы, а.б.
-----	-------------------

1	10000
2	8000
3	8000
4	6000
Жиыны:	32000

Компания талапетіп отырған пайда нормасы 10%(пайда салығы есептелмейді). Орташа инвестиция мөлшерін алғандағы жобадан алынатын пайданың есептік нормасын анықтаңыз.

### **Әдебиеттер тізімі:**

#### **Негізгі әдебиеттер:**

1. Ержанов А.К., Айтанаева Ә.Қ., Жұманова Г.Ш., Баянова М.С., Иматаева Ә.Е. Басқару есебі. Оқу құралы. – Алматы, 2009.
2. Төлегенов Э.Т. Басқару есебі. Оқу құралы. Алматы, 2006.
3. Назарова В.Л., Жапбарханова М.С., Фурсов Д.А., Фурсова С.Д. Басқару есебі. Оқулық. Алматы: Экономика, 2005.
4. Молчанов С. С. Бухгалтерский и управленческий учет. М.: ЭКСМО, 2008.
5. Друри К. Управленческий и производственный учет, Учебное пособие для вузов/Пер. с англ. Под ред. Н.Д. Эриашвили; - М.: Аудит, ЮНИТИ, 2006
6. Хорнгрен Ч.Т., Фостер Дж.Датар Ш.Управленческий учет. М.,2008
7. Тайгашинова К.Т Управленческий учет. Алматы:Экономика.,2008
8. Друри К. Управленческий и производственный учет, М.: ЮНИТИ-Дана, 2007

#### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Хорнгрен Ч.Т., Фостер Дж Бухгалтерский учет: управленческий аспект, М., Финансы и статистика, 2006
2. В.Л Назарова. Шаруашылық жүргізуші субъектілердегі бухгалтерлік есеп. Оқулық. Алматы: Экономика, 2005
3. Дусаева Е.М., Курманова А.Х. Бухгалтерский управленческий учет: теория и практические задания. М.: Финансы и статистика, ИНФРА-М, 2008
4. Д.Кнут. Искусство программирования.т.1, 3.М : Издательский дом "Вильямс", 2004,712 с.